



«Бекітемін»
АКБББ «IT мектеп лицейі» КММ
директоры
Батырова А.С.
2024 ж.

«Келісемін»
оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Жанабаева А.С. *Мавлат*

« 05 » 09 2024 ж.

Бірлестік отырысында қаралды
Хаттама № 1
ӘБ жетекшісі Айтжанова Т.Е.

« 05 » 09 2024 ж.



Күнтізбелік тақырыптық жоспар

АБАЙТАНУ

Пән мұғалімі: Нұрмағанбет Жанар Өтесінқызы

Сыныбы: 10“В”

2024-2025 жыл

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына 73-қосымша

«Абайтану» курсы Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында 10-сыныпқа арналған «Абайтану» курсы оқу пәнінің бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41 және 42-тармақтарына сәйкес әзірленді. «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарындағы 10-сыныпқа арналған «Абайтану» курсының жылдық оқу бағдарламасына 34 сағаттан бөлінген. Оның 31 сағаты бағдарламадағы материалдарды оқуға, 2 сағаты шығармашылық жұмыстарды орындауға, 1 сағаты пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қорытындылауға беріледі.

«Абайтану» бағдарламасы мектеп оқушыларына Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын жан-жақты саралай отырып, терең ұғындырып, Абайтанудың тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін танып білуге баулиды.

Тақырыптардың өзара сабақтастығы, мазмұны жағынан топтастырылуы, жалғастығын табуы курстың басты ұстанымы етіп алынған.

Курсты оқытудың мақсаты: ұлы ақын шығармалары арқылы елжанды, ұлттық идеологияны бойына сіңірген, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын тұлға қалыптастыру.

Курсты оқытудың міндеттері:

- казак сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану;
- ақын шығармашылығындағы тұлға концепциясына катысты өзекті мәселелерді айқындау;
- ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын үлгі ету;
- ақынның қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту;
- ақынның туындыларын оқыту арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу;
- Абайдың ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы айтқандарын оқыту арқылы жастарды өмірден өз орнын табуға шақыру.

Курс жүктемесінің көлемі:

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан жүргізілмейді.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық.

Бағдарламада:

1. Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылды;
2. Ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді;
3. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;

Бағдарлама Абай Құнанбайұлының:

- казак әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын;
- ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін;
- шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығын;
- Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін;

- Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын;

Абайтану ілімін қалыптастырған М.Әуезовтің Абайдың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, Абайдың ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйелеп беруінің маңызы мен мәнін оқушының ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуіне; курстың соңына қарай: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп өсиет қалдырған қайраткер, кемеңгер ойшыл Абай «Қазақтың бас ақыны» ретінде танылуына бағытталған.

10 сынып
Аптасына – 1 сағат, жылына – 34 сағат

№	№	Тақырыптар	С/с	Мерзімі	Қосымша	Ескерту
I жартыжылдық, 16 сағат						
I тоқсан, 9 сағат						
1	1	Кіріспе. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»	1			
I.						
2	1	«Абай мұрасының XX ғ. 30-40 жылдары зерттелуі»	2			
3	2	Абайтану мәселелері	1			
II.						
4	1	«Абай еңбектеріне қатысты зерттеулер, ой- пікірлер.	1		Зерттеушілер пікірі	
5	2	«Абай шығармаларындағы білім, өнер тақырыбы»	6			
6	3	Адами қасиеттер туралы ой тұжырымдар	1			
7	4	«Талапты ерге нұр жауар» өлеңі. Отыз екінші қарасөзі	1			
8	5	«Еңбек етсең ерінбей»	1			
9	6	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі	1		Білім, өнер туралы мақал-мәтелдер	
10	7	«Сөз асылы - поэзия»	1			
11	8	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі	1			
II тоқсан, 7 сағат						
III.						
12	1	«Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер»	7			
13	2	Табиғат лирикасы «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі	1			
14	3	«Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңі	1			
15	4	«Көлеңке басын ұзартып» өлеңі	1			
16	5	Абайдың қарасөздеріндегі еңбек туралы таным, толғам	1		«Қарасөздер» жинағы	
17	6	Шығармашылық жұмыс	1			
18	7	Отыз жетінші қарасөз	1			
19	8	«Малға достың мұны жоқ, малдан басқа»	1			
II жартыжылдық, 18 сағат						
III тоқсан, 10 сағат						
20	1	«Түбінде баянды еңбек егін салған»	1			
IV.						
21	2	«Қолдан келе бере ме жұрт менгермек»	6			
22	3	«Би екеу болса, дау төртеу болады»	1		Адам өмірі жайлы тұжырымдар	
23	4	Үшінші қарасөз	1			
24	5	«Көңілім қайтты достан да дұшпаннан да» өлеңі	1			
25	6	«Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман»	1			
26	7	«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап»	1			
27	8	«Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек»	1			
V.						
28	1	Сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармалары	4			
29	2	«Улы сия, ащы тіл» өлеңі	1		Сатира	
30	3	«Адасқанның алды жөн арты соқпақ» өлеңі	1			
31	4	«Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңі	1			
IV тоқсан, 8 сағат						
32	1	«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі	1			
VI.						
33	2	Абай аудармалары	2			
34	3	Абай және Лермонтов	1		Аудармалар	
35	4	«Тұтқындағы батыр», «Өзіне сенбе, жас ойшыл»	1			
VII.						
36	1	Поэмалары	3			
37	2	«Масғұт» поэмасы	1		«Мың бір түн» ертегілері	
38	3	Поэмадағы шығыстық сарындар	1			
39	4	«Өзім әңгімесі» дастаны	1			
40	5	Шығармашылық жұмыс	1			
41	6	Қорытынды	1			
Барлығы			34			

11.09.2024 г. А.С. Бектуров

Сынып жетекшісі:

оқушы саны: 25/11